

Жыр арқауы – пір бекет

Әділет Қабылов,

Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ доценті,

филология ғылымдарының кандидаты, Ақтау қаласы.

Өлшеулі ғұмырында Адалдық пен Әділдіктің Туын жоғары ұстап, Шапағат пен Парасаттың Нұрын сеуіп өткен, есімі ұлысына Ұран болған Бекет Атаға деген ұрпақтарының перзенттік махаббаты ерекше. Ойшыл суреткер Ә.Кекілбаев айтқандай, «тірісінде – елінің жел жақтағы Панасы, ық жақтағы Саясы бола білген Азамат. Жаудан елді арашалаған Батыр. Дауда әділетті арашалаған Қазі. Озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған Пірадар» Атаның өнегелі істері аңыз боп тарады, есімі мәңгілік ел жадында қалды, халқының сүйеніші мен рухани тірегіне айналды. Ол бүгінгі тәуелсіздік заманында халықты иманға ұйытудың, бірлікке жұмылдырудың, шежіре тарихтан тағылым алдырудың бір ұстыны болып отыр.

Қазақ халқының рухани болмысының тұрақты тіні, жан әлемінің көркем кестесі, ішкі толғанысының тілдік айнасы оның өлең-жыры, көркем әдебиеті болып келеді. Маңғыстау ақын-жыраулары Абыл мен Қашаған, Сәттіғұл мен Түмен жырларында ислам дінінің имандылыққа тәрбиелеудегі маңызы нақты орын алып, берік дәстүр ретінде орныққаны мәлім.

Өкінішке орай, кешегі иманнан бездіріп, озбырлық билеген социалистік заманда дін мансұқталып, Алланы ауызға алуға тиым салынды. Әдебиетте де діннің мәні мен маңызы тиісінше айшықталмай, айтылса да «апиын» ретінде суреттеліп, құбыжық етіп көрсетілді. Енді азаттық аясындағы жаңа заман әдебиетінде ислам дінінің тағылымдары, аллаға құлшылық, пайғамбарлар өмірі, әулие-әмбиелерге сыйыну сарындары барған сайын молығып, әдебиеттің арнайы бір арнасына айналуы қуантады.

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетімізде Бекет Ата туралы жазылған өлең-жырлар да бір төбе. Әрине, «өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, атаға деген құрметтен, перзенттік жүрекжарды махаббаттан туындаған талай туындылардың бәрі бірдей көркемдік жағынан төрт аяғын тең басқан жорға деуге келмесе де, қазіргі қазақ сөз өнерінде өзіндік орны бар ақындардың Ата

туралы жыр, толғауларын, дастандарына көз жүгіртсек, Пір Атаның поэзиядағы бейнесі біршама сомдала бастағанын көреміз. Белгілі ақын Айтуар Өтегеновтің:

Көмілулі сырың көп, Маңғыстауым – бесігім,

Сол сырларды ашуға талаптансам, несі мін.

Жетегімен шабыттың артық кеткен тұстарға,

Бекет Ата, өзіңнен өтінемін кешірім, -

деген арнау сөзі Ата туралы сөз жазғандардың қай-қайсысына да қатысты деп білген жөн. Әулие, қасиетті тұлға турасында сөз айтуымыздың үлкен жауапкершілігін сезініп, баршамызға да үлкен ой салып отыр ақын.

Ата туралы Т.Медетбек, А.Өтегенов, Ө.Қалбайұлы, Е.Бөкенбаев, Ж.Елеусінов, Р.Аяпбергенұлы, А.Ершуов, С.Адай, Д.Қанатбаев, Ғ.Әріп, т.б. ақындардың жыр, дастандарында Ата бейнесі әр қырынан сомдалады, оның әулиелігі, батырлығы, шеберлігі, адамгершілік қасиеттері жырланады. Атаның еліне сіңірген еңбегі, тигізген шапағаты, адамдарға қиын кезде демеу болған оқиғалары бейнеленеді, халқының амандығы мен береке-бірлігіне медет беруіне тілек етіледі. Соның бәрі Пір Бекетке деген шексіз сүйіспеншіліктің нәзік қылын көркем өрнекпен кестелеу талабының көрінісі болып келеді.

Көптеген өлеңдерде Атаның киелі қасиеттері санамалана келіп, көркем бейнесі жалпылана сомдалады. Мысалы, белгілі жыршы Ж.Елеусінов «Қасиетті бабам - Пір Бекет» толғауында: «Жауға аттанған батырлар / «Иә, Бекет!» деп аттанған. / Қиындық көрген жамағат / Шын сыйынып барғанда / Бауырынан ұл сүйіп, / Артында ұрпақ ат қалған. / Екінші бір қасиеті - / Антасқан пенделер / Бекетті антқа ұстаса, / Аруағын көзге көрсеткен. / Таудан ұшқан керуенді, / Мамалаған сәбидің, / Көз жасына шыдамай, / Оны да аман сақтаған. / Кешегі қалмақ қалың ел / Ерегесіп Бекетпен, / Олар да қайыр таппаған. / Атамыз Бекет белгілі, / Адай емес Алаштың, / Қайсысы бұрын сыйынса, / Оны да аман сақтаған», - деп, Атаның қасиеттерін нақты істерімен көрсетеді.

Ө.Қалбайұлы: «...Болғайсың шапағатшы, киелі Ата, / Келеміз үміт қылып қона-жата. / Тілейміз амандығын ел мен жердің, / Болғай деп өзіңізден қабыл бата. / О, менің аруақты аталарым, / Болғай деп көпке қабыл баталарың. / Болғандай ақ тілекті ықыласым, / Қуанып мешітіңнен

аттанармын», - деп, Атаның басына түнеп, зиярат етушілердің ақ тілегін паш етеді.

Бекет Ата мешіттерінің қасиетті саналатыны, Ата басына түнеп, зиярат етушілердің толастамайтыны, солардың баршасының тілегін қабыл етіп, көңілдеріне демеу болатыны көптеген ақындардың жыр өзегіне айналып отырады. Ақын Т.Медетбек «Бекет Ата басында» өлеңінде: «Бұл жерде адам жат ойды аластайды. / Өтірік те, өсек те жақ ашпайды. /

Бұл жерде адам айғайлап, жағаласпай, / Бұл жерде адам даурығып, таласпайды», - деп, Ата мешітінің киелі орын екендігін, оған барған адамның иманға ұйып, жаңа бір тыныс табатынын, пендешіліктен арылып, адамшылық қырынан көрінетінін тілге тиек етеді.

Д.Қанатбаев «Бекет Ата басындағы толғанысында»:

...Сол-сол екен, сәл сүрініп аяғым,

Әулиеге мен де әбден таядым.

«Нағышы-еке, бір бершімек балаңа,

Берші, - дедім, - қайда аса таяғың?»

«Жан сенбісің келген маған жоқ аңсап.

Жоқ аңсаған жандарға да болар бір сәт.Сәт-сәтімен, хат-хатымен... Аса емес,

Аша тісті бергем, - деді – қаламсап».

Күбір емес, күбір шықты үңгірден,

Жарқ етті де қарауытты күн бірден.

Қасиетті қаламұшқа сүйеніп,

Құлау құздың ернеуінде тұрдым мен, -

деп толғанады. Ақындық таланттың адамға қону табиғатын киеліліктің әсерімен байланыстыруы ақын-жыраулар поэзиясындағы дәстүрлі сарынды еске түсіреді.

С.Адайдың «Иманның шамы өшпесе» өлеңінде адамның рухани тірлігіндегі діннің маңызы ашылып, лирикалық кейіпкердің ішкі жан сенімі үлкен шеберлікпен берілген: «Құран ашып, / Нұр ішіп, / Сәулесін шашқан тәңірдің / Зайырына кәмілмін. / Тығылар жерің – бір құдай, / Сыйынар жерің

– Пір Бекет / Осы жүрген бәрінің... / Қол жаюға / Қорсынба, / Батаға қылар бақ тұрақ. / Дүние – керуен, / Біз – қонақ / Өтпеді кімдер шапқылап! / Құлдық қылсаң / Аруаққа, / Ұрпағыңның ұрпағын / Бәледен жатар қаққылап. / Шапағатшыл / Бір Алла! / Жанаттан орын қалдырып, / Жанына қойған алдырып. / Атамыз Бекет қолдасын, / Ниеті құбыла пенденің / Береке алды бірлікпен / Дәретке қолын малдырып! / Аумин!»

Ғ.Әріп «Рух пен Жігер» өлеңінде: «Өз әулием – тірегім, / Қолтықтан демеп жатқандай. / Саңқылдап шығар үніміз, / Жасық емес, іріміз. / Оғыландының басынан / Қол бұлғайды піріміз. / Қазаққа біткен Даралық, / Қазаққа біткен Даналық! / «Бекет» деп білек біріксе, / Ел болар едік нәр алып! / Есінді жый, ел-жұртым, / Есті алмасын жан, құлқын. / Рух пен Жігер оянса, / Ерекше болар сән-ғұрпың...» - деп, халықтың аруақтарға сыйыну дәстүрін жаңғырта отырып, Ата рухына адалдықты ел мен халық тағдырына байланыстыра жырлайды. Жұртты елдікке, бірлікке жұмылдыратын Ұлы есім ретінде ұлықтайды.

Қ.Рейімбайұлы «Алланың сүйген шырағы» өлеңінде: «Оқу оқып, ес біліп, / Дінді – дедік ескілік. / Алланың ақ жолдарын, / Түсіндік ақыр кеш біліп», - деп халықтың діннен аластағын кезеңіне өкініш білдіре келіп: «Аллаға елім беттеді, / Дінсіздікпенен кетпеді. / Шүкірлік етем Аллаға, / Дінсізді елім шектеді. / Ойыңа алма арамды, / Арамның түбі қараң-ды. / Менмендік пенен дінсіздік, / Түсірер түбі бағанды, - деген ғибратты ойлармен түйіндейді.

Ақын Ә.Қонарбаевтың: «Бекет Ата – мәңгілігім, ұраным, / Тас төбемде жанып тұрған шырағым. / Тілек тілеп отырмасақ өзіңнен, / Жетпейді ғой күдіретіңе қиялым», - деген жолдары Ата рухымен тілдесіп, қасиетіне табынатын жалпы жұрттың сыйынымын паш етсе, С.Назарбекұлының: «Анттасқан шақта ары да болған елінің, / Ұл-қызын қорғап арқасын тосқан керімім. / Адассам бағдар, нұр шашқан Темірқазығым, / Жасыса Намыс суарып алар көрігім», - деген өлең мәтіні Ата рухын ту еткен халқының қасиетті ұранындай естіледі.

Бекет Атаның рухани тұлғасын кең көлемде толғаған бірнеше поэмалар да жазылды. Р.Аяпбергенұлының «Бекет Ата», А.Ершуовтың «Кие», А.Өтегеновтің «Ант», Н.Қанағатұлының «Аңыз түбі - ақиқат» поэмалары Ата өмірі мен қиеттері туралы біршама деректер беретін әрі көркемдік қуатымен ақындық ойды толғайтын шығармалар деуге болады.

Бекет Атаның тікелей ұрпағы Р.Аяпбергенұлының «Бекет Ата» дастанында:

Ашылмаған құпия көп тірлікте,

Әрбір адам - зерттелмеген бір нүкте.

«Бекет!», «Бекет!» дейді әркім әр жерде,

Бірақ біздер оны терең білдік пе?

...Алла сөзі тілге оралмай сасқанда,

Аруақ, аруақ қолдай гөр деп аспанда.

«Иә, Бекет!» – деп сыйынады қуған да,

«Иә, Бекет!» – деп сыйынады қашқан да, -

деп толғанған ақын Атаның аруағы қолдаған бір оқиғаны баяндай отырып, әулиенің өмір жолына шолу жасайды. Хиуадағы Бақыржан қожадан білім алуы, ұстазының бата беруінен таратып, Атаның Оғланды мен Ақмешіттегі мешіттері туралы сыр шертеді. Атаның есімін ұлықтап, халыққа танытушылар туралы шолу жасайды. Шығарма бастан-аяқ біртұтас сюжетке құрылмаған, жеке тарауларда екі сюжеттік желімен баяндалып, соңғы тараулары ақынның толғанысына арналады.

А.Ершуовтың «Кие» поэмасы Пір Бекеттің өмір жолын толығырақ қамтуды мақсат еткен.

Жан баба!

Қазағымның жұрты ғашық,

Көрмепті дидарыңнан күлкі қашып.

Киеңе жету үшін кимелемей,

Алайын дастанымның кілтін ашып, -

деп кеңінен толғаған ақын Ата дүниеге келген өлкенің жерін, табиғатын суреттеуден бастайды. Поэманың «Кілт», «Мырзағұл», «Жәния», «Бекет», «Өсу», «Көріпкел», «Оқу», «Аса таяқ немесе Оғыланды» секілді тарауларында Бекет Атаның ата-анасы, өскен ортасы, өсу жолы, нағашысын іздеп жолға шығуы, көріпкелдік қонуы, білім алу сапары, Оғыландығы

оралуы, аса таяқ сыры көркем бейнеленеді. Соңғы тараулар автордың өзінің жай-күйін баяндау мен замандастарымен сырласуға құрылған.

Ақын А.Өтегенов «Ант» поэмасында халық аңызы негізінде Бекет Атаның қазақ пен түрікмен елінің арасындағы «боз бие, суын айғыр, қара құлынға» қатысты дауға төрелік жасап, екі елді қантөгіссіз татуластыруын көркем суреттейді. Поэма қара сөз араластырып жазылған.

Теңіз жағалауына жылқыларын қатар жайған қазақ пен түрікменнің судан суын айғырдың шығуын күтуі, суын айғырдың түрікмен жылқысына шабуы, одан туған құлынды қазақтардың ауыстырып әкетуі, білгір сыншы, сейіс ақсақал мұны білгеннен кейін екі ел арасында дау тууы, ақыры олардың Атаның төрелігіне жүгінуі шеберлікпен суреттеледі. Анттасу салты даланың мәмлегерлікпен бітісуінің бір формасы ретінде көрінеді.

Антқа Қожаназар байдың сұлу да жас тоқалы Ақшолпаннан туған алты жасар ұлы Қошанды ұстауы, ұлын қимаған ананың жай-күйі мен бейкүнә баланың беймәлім тағдырына алаңдау, даланың қатал заңы үлкен тебіреніспен бейнеленеді:

Кесілді үкім, ая мейлі, аяма,

Нағыз шындық бермейді ғой бояма.

Шашын жайған жатты Ақшолпан талықсып,

Садақаға ұлын қимақ қай Ана?

Еркін өскен ерке тоқал пәк, сылқым,

Талайлардың жүрегіне шоқ салған.

Қошан бала мінген кезде қара атқа,

Талып жатты, жылап жатты Ақшолпан.

Солдыруға қияды кім Гүлді өскен,

(Дәл осылай біздің қазақ күн кешкен)

Қоштасқанда ағайындар аңырап,

Жымың қатты көзін қысқан күндестер.

Шыққаннан соң береді күн қысқара,

Болған болса ант басында іс қара.

Екі «құлын» құрбандыққа шалынбақ,
Тым қатігез неткен жандар, масқара?!

Н.Қанағатұлының «Аңыз түбі – ақиқат» поэмасында да аңыз бойынша баласын Үстірттің ұшпасына алып шығып, қыранның балапандарын алдырмақ болып, беліне арқан байлап түсіргенде, арқан үзіліп кетіп, баланың құрдымға құлауы, баласының қазасын көтере алмаған әкенің таудан ұшып ажал құшуы әсерлі жырланады.

Бекет Атаның өзіне аманат еткен баланы аман алып қалғандығы, алайда әкенің сабырсыздықтан өзін жазым еткеніне өкініп, үнсіз ойға батуы баяндалып, ақынның Ата туралы толғанысына ұласады. Дастанның тілі бейнелі сөз, дегдар ойларға бай, көркемдікпен кестеленген имандылық, кісілік турасындағы сөз орамдары шынайылығымен танылады. Қастерлі есім алдындағы табыну сарыны нақты тұжырымдармен түйінделеді:

...Қол бастап елді қорғадың туғанда заман қысталаң,
Пірадар болдың мешіт сап, Алланың жолын ұстаған.
Абызы едің даланың құс та алдын кесе ұшпаған,
Батырлық, Пірлік, Қазылық - көтерген сені үш Таған.
Алланың сүйген құлысың – айрықша сыйын дарытқан,
Көз тірісінде-ақ керемет қасиеттілігін танытқан.
Әулиелігіңді барша жан қысылған кезде ғана ұққан,
Тізесін бүккен дұшпаның құдіретіңе қалып таң...

Бұл мақалада өзіміз оқи қалған Бекет Атаға арналған бірнеше шығармаларды шола талдауға тырыстық. Олардың бәріне ортақ тақырып – Атаның киелі қасиеттері, оған деген құрмет, аруағына табынып, медет тілеу сарындары болып келеді. Елге аңыз болған оқиғаларды негізге ала отырып, құдірет иесінің қасиеттерін паш етеді, есімін ұлықтап, кейінгі ұрпаққа үлгі ұсынады. Ата туралы әлі талай көркем шығармалар жазылары сөзсіз.

Өйткені, оның есімі ұрпақтарымен бірге болашаққа Ар мен Намыстың, Иман мен Қасиеттің символы болып жете береріне күмән жоқ.

В данной статье уделено внимание феномену Бекет ата, нашедшему отражение в литературе, жырах, толгау и дастанах. Автор пытается раскрыть святость, мужество, мастерство, человеколюбие, присущие Бекет ата в данных произведениях.

This article pays attention to the phenomenon of Beket Ata, who plays a great role in literature, poetry, tolgau (poem), dastan (a historical poem). The author tries to reveal holiness, heroism, skills, benevolence which are characteristic to Beket Ata.